

Досбенбетова А.Ш., п.э.д., профессор

Арысбай Ұ., Жақсылық Д., 4 курс студенттері

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Шымкент қ.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУ

Аннотация

В данной статье представлена информация о значении национальных традиций в воспитании будущих поколений, о привитии национальных ценностей молодежи в соответствии с ценными сведениями из очерков Ибрая Алтынсарина в воспитании.

Annotation

This article presents information about the importance of national traditions in the education of future generations, about the inculcation of national values of young people in accordance with valuable information from the essays of Ibray Altynsarin in education.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты бағдарламалық мақаласында "... халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек" деп атап көрсетті[1]. Халқымызды біріктіретін күш-ұлттық құндылықтарымыз. Ал «Ұлттық құндылықтар» дегенде бірден халқымыздың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары ойымызға келеді. Салт-дәстүрлеріміздің көбі адам өміріндегі бөлек, қуанышты, ерекше сезім сыйлайтын жағдайларға байланысты болып келеді. Оның ішінде ұлдарымызға және қыз балаларға арналған бөлек дәстүр түрелрі жеткілікті. Адам шыр етіп өмірге келгеннен бастап «шілдехана», «бесікке салу» тойы, «қырқынан шығару», қадамы нық болсын деп «тұсау кесу», ұл балалардың нағыз мұсылман атану мейрамы «сүндет той», кейін «тілашар», қыздың өз ұясынан ұшып шығуы «қыз ұзату» ары қарай «бет ашар» және осылай жалғаса береді. "...Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.." деп Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев«Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттығымызды баса назарға ала отырып, оның маңызын былайша көрсетеді "... ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды" [2].

“.. Алаш атын аспанға, шығарар олар бір таңда, мен жастарға сенемін!” деп, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаев айтқандай әрбір елдің болашағы жастардың қолында. Жастар - бұл болашақтың алтын дінгегі, алға бастар нақты істердің темірқазығы. Ешбір ағаш,гүл тамырсыз шықпайды. Тамыры берік тереңде орналасқан мықты ағаш қана жел соғып, дауыл тұрса да құламайды, сына қоймайды. Сол секілді кез келген мемлекеттің еш қиындыққа мойынсынбай, тек алға бастар күші ол - жастар. Келешек күні ел тізгінін қолға алатын жастардың барынша білімді, жан-жақты, білікті болуы ел үшін қаншалықты маңызды болса, олардың Отанына деген, халқына, оның артықшылығына, яғни дәстүріне, тарихына сүйіспеншілігінің мол болуы аса қажет және маңызды. Ел алдындағы басты мұрат-мақсат – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа насихаттау.

Дана халқымыз бала тәрбиесі жайлы «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген, демек ұлтымыздың тәрбиесі деген ғасырлар бойы бізге жеткен ұлы ойшылдарымыздың, ағартушыларымыздың, ақындарымыз бен жазушыларымыздың еңбектерімен, мұраларымен өзімізді, ұрпақтарымызды сусындату. Осы орайда жазушы М.Әуезовтің сөздерін еске түсірейік: «Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды. Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды». Бір заман өкілдері Абай Құнанбайұлы да, Ыбырай Алтынсарин де біздің осы уақытта осындай тамыры терең, ғұмырлы ұлт болуымыздың себепшісі. Бұл мақалада ұрпақ тәрбиесіндегі Ыбырай Алтынсариннің тағылымын айтқымыз келеді.

Ұлтымыздың патриоты, ағартушы-тәлімгері, халық қызметкері ғұмырын қазақ балаларына арнаған Ыбырай Алтынсарин 1888-жылы жетпіс бес күннің ішінде алты мектеп ашқан. М.Әуезов «Қазақта үш мұнара бар, олар: Абай, Шоқан, Ыбырай» деп атап кеткен. Ы. Алтынсарин тек оқу-ағарту жұмыстарымен ғана айналысқан жоқ. Ол қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысты, ғылымға, білімге, еңбекке, өнерге, дінге, этнографияға қатысты мақалалар жазды. Оның көркем шығармалары қазақ әдебиетінің қалыптасуына ерекше әсер етті. Оқу-ағарту жұмысында өз уақыты үшін жаңа әдістер мен құралдарды қолдана отырып, ол балаларды ана тілінде оқытуға үлкен мән берді. Осы мақсатта ол "Қазақ хрестоматиясы" оқулығын, "қазақтарды орыс тіліне оқыту бойынша бастапқы құрал" дидактикалық оқу құралын жазды. Ыбырай Алтынсарин балалардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, еңбексүйгіштікті, жомарттықты тәрбиелейтін шығармалар жазды. Олар бүгінгі күнге дейін өзектілігін және бағасын жоғалтпады. Ол

мектепте білім беруді ұйымдастырудың керемет жобасын жасады қазақ даласы, халықтың өмірлік мүдделері мен қажеттіліктері тұрғысынан халыққа білім беру және ағарту мәселелерін шешуге ұмтылды. Ол ауылдардағы орыс-қазақ мектептерінің негізін қалаушы ғана емес, сонымен қатар орыс графикасы негізінде әзірленген алғашқы қазақ әліпбиінің авторы болды. Материалдарды таңдауда Ы. Алтынсарин ұлт, гуманизм және Отанға деген сүйіспеншілік идеяларын басшылыққа алды. "Алтынсариннің Л. Н.Толстой, И. А. Крылов, К. Д. Ушинский, В. И. Даль, И. И. Паульсон және басқа да көрнекті сөз шеберлерінің шығармаларын қазақ тіліне аударуының арқасында олардың шығармашылығы қазақ оқырмандарының игілігіне айналып, қазақ халқының мәдениет қазынасына енді. Бұл Ы. Алтынсаринді қазақ даласында демократиялық бағыттағы жаңа қазақ көркем әдебиетін қалыптастыруға игі ықпал еткен алдыңғы қатарлы орыс ағартушы-жазушыларының демократиялық және прогрессивті идеяларының алғашқы таратушысы деп санауға негіз береді", – деп К. Жұмағұлов есептейді [3].

Педагог қана емес, ғалым бола отырып, ол өз халқының тарихын, тұрмысын, салт-дәстүрін терең зерттеумен айналысты, өз бақылауларын өңдеп, жүйеледі. Осы этнографиялық зерттеулердің негізінде ол "Оренбург ведомствосының қырғыздары арасында құда түсу және үйлену кезіндегі әдет-ғұрыптар очерктерін" және "Оренбург ведомствосының қырғыздары арасында жерлеу және еске алу кезіндегі әдет-ғұрыптар очерктерін" жазды[4].

Бүгінде оның эсселерін оқи отырып, айтылған әдет ғұрыптар арқылы қазақ халқының бай мәдениетімен және этноспен толық танысуымызға болады. Әдет-ғұрыптар қазақ халқының дәстүрлерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Халықтық түсініктегі дәстүр – бұл ата-бабалардан қалған, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мен бұзуға болмайтын салт.

Дәстүр (лат. traditio-сабақтастық) - әлеуметтік-мәдени мұраның ұзақ уақыт бойына адамдар атадан балаға қалдыратын, әдетке айналған, сол қоғамның немесе әлеуметтік топтың құндылықтар жүйесі мен ережелеріне ұласқан бөлігі. Дәстүр тек мұраның нысандарын ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік мұрагерлік процесі мен оның әдіс-тәсілдерін де қосып алады. Моральдық, құқықтық, діни, тілдік, өндірістік-еңбек әлеуметтік нормалары. Олар рухани-адамгершілік құндылықтар мен қажеттіліктерді анықтап көрсетеді. Дәстүр-ұлттық дәстүрді өзіндік сана мен этномәдениетті сақтаудың қажетті шарты болып табылады.

Сонымен қатар, Ы. Алтынсарин өскелең жастарды тек біліммен шыңдап қана емес, сонымен қатар оларды адалдыққа, өзгенің ала жібін аттамайтындай әділдікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, қоғамға пайдасы тиер адамгершілікке тәрбиелеудің мән-маңызын білдіріп отырды. Ағартушы педагог патша үкіметінің халықты діннен бездіру саясаты

басталған уақытта тіршілік кешті. Мұнысына қарамастан мұсылманшылықты өзіне мұрат етіп, қарымды қаламынан туған өлеңімен де ислам дінін, салт дәстүрін насихаттай алды.

Осыны негізге ала отырып, қазақ халқын барлық тарихи қиыншылықтар мен бақытсыздықтарды жеңіп, ұлттық "мен", рухани бірлікті алып жүре алды деп айтуға болады.

Қазақ халқын әлем халқына ғажап халық екенін танытып тұрған ол біздің ұлттық құндылықтарымыз, салт – дәстүр, әдет – ғұрып пен мәдени мұраларымыз, тіліміз және ұлттық қолөнер мен ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар. Бабадан балаға мирас болып, заман көшімен жалғасып бүгінгі күнге жеткен салт – дәстүр, әдеп – ғұрыптарымыз баға жетпес құнды қазынамыз. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз ұлтымыздың қадір – қасиетін, ой – өрісін танытатын салт – дәстүрімізге, қазақтың мәртебесін көтеретін мұраларымызға құрметпен қарап, оларды қастерлеу барша қазақтың міндеті деп білемін. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиені сіңіруге бүгіннен бастап ат салысуымыз қажет.

Қазақ халқының салт – дәстүрлері бала дүниеге келген сәттен бастап, ер жетуі, тәрбиесі, келін түсіріп, қыз ұзатуы, өлім – жітімге дейінгі аралықты сонымен қатар қауымдық – әлеуметтік мәселелерді де қамтиды. Ешбір заңда, кодексте жазылмаса да халық дәстүрді бұлжытпай орындап отырған.

Қазақ халқында сонымен қатар, "Жеті ата" принципі бар. Жеті ата — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ағайындықтары Жеті атаға толмай жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды. Бұл қан тазалығын сақтауға да көмектеседі.

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге , мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұдан ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұрғысынан

калыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының
тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Кім сендерді, балалар тербететін,

Еркелетіп, ойнатып, сергітетін ?

Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,

Қамқор анаң көз жасын көлдететін,- деген, ақын бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата – ана тәрбиесі мен баланы сүйіп, еркелететіндігін және ата – ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі, балажандық қасиеті мен ерекше мейірімдігін көреміз. Ы. Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> Қ.Тоқаевтың бағдарламалық мақаласы 05.01.2021
2. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
3. Аманжолова К. Б. Казахские просветители конца XIX – начала XX веков и их роль в формировании культурной традиции освоения русского языка в иноязычной среде
4. Есиргепова В.Ж. этнографические материалы Ы.Алтынсарина источник этнического познания «казахов
5. <https://adyrna.kz/post/21055> Қазақтың салт-дәстүрі ұлттың тамыры
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> Жеті ата